

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ  
№3 МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

29.12.2023 жыл

**Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар:**

**АК төрағасы:** Ph.D. қауымдастырылған профессор м.а., Саржанов Ф.Н.

**АК мүшесі, Академиялық персоналдар:** м.ғ.к., Алимбекова Л.Т., м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нускабаева Г.О., м.ғ.к., Бабаева К.С., Ph.D. Жунисова М.Б., м.ғ.к., Татыкаева У.Б., м.ғ.к., доцент Нурхасимова Р.Г., м.ғ.к., доцент Жунусов М.С., м.ғ.к., Асилбекова Г.Т., м.ғ.д., Куандыкова А.К., м.ғ.к., Тулежанов Н.К., Назарова Л.К., техн.ғ.к., Айболова Г.К., х.ғ.к., доцент Тулешова Э.Ж. Джаякбаева Д.С., Кожамбекова Э.А.

**Қатыспағандар:**

**АК мүшесі, жұмыс беруші өкілдері:** КДО бас дәрігері Генчер З.М., «Ырыс Дент» клиникасының директоры Шотаев С.Ы.;

**АК мүшелері, білімгерлер өкілдері:** 8D10111 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» БББ докторанты Шайхаттарова У., 7M10131 - «Медицина» БББ магистранты Султанбаева Ю., 6B10156 – «Стоматология» БББ студенті Жебел А., 6B10176 – «Жалпы медицина» БББ студенті Исаева Д.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Бакалавр деңгейінде БББ ішкі аудитін ұйымдастыру;
2. БББ әзірлеу бойынша ұсыныстарды зерттеуді жалпылау;
3. Желтоқсанға дейін өткізілген іс-шаралардың нәтижелерін талдау;

**АК төрағасы** – Саржанов Ф.Н. сөз алып, қаралатын мәселелермен таныстырды: Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қараша айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру, аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеу бойынша дайындық жұмыстары, ағымдық мерзімдегі атқарылған іс шаралар нәтижесін талқылау.

**АК мүшесі, кафедра меңгерушісі** – м.ғ.к., доцент Г.О. Нускабаева: 2023-2024 Оқу жылына ББ жаңартуға ББ пәндерінің жалпы саны өзгереді, Үздіксіз интеграцияланған білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды. Осыған орай, ғылыми бағыттағы ББ-на қатысты

мәліметтерді нақтылау үшін факультет деңгейінде семинар ұйымдастырылып, талқыланғаны дұрыс.

**АК мүшесі, академиялық персонал – кафедра меңгерушісі** – м.ғ.к., доцент Л.Т. Алимбекова: Құрметті АК мүшелері! Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек. Енді оны талқыладық, алыңғы уақытта жасалатын жұмыстар көп және ауқымды талпыныстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

**АК мүшесі, Медицина факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбары** – Л.К. Назарова БББ әзірлеу бойынша ұсыныстарды зерттеуді жалпылау жұмыстары бойынша - 2023-2024 оқу жылындағы денсаулық сақтау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының ішкі аудит нәтижелері дайындалып есеп берілді. Есеп беру барысында білім алушылардың қанағаттанушылығының жоғары деңгейі мен тиімді бағалау жүйесін қоса алғанда, аудиттің жағымды жақтары талқыланды. Сонымен қатар соңғы жылдардағы рейтингтік қызмет пен серіктестік қатынастардың нәтижелері талқыланды. Білім беру процесін байыту үшін басқа университеттермен және медициналық орталықтармен ынтымақтастықтың маңыздылығы атап өтілді.

#### **Шешім:**

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиттің сараптамалық жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын
2. БББ әзірлеу бойынша ұсыныстарды зерттеуді жалпылау жұмыстары назарға алынсын
3. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп саналсын

**Мәжіліс төрағасы:**



**Ф.Н.Саржанов**

**Хатшы**



**Д.С. Джаякбаева**